АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
БАЛҚАШ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
БАЛХАШСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017 жылғы 28 желтоқсан

№ 205

Бақанас ауылы

село Баканас

**Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балқаш Таза су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына біріктіру жолымен Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балқаш су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 45-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылдың 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына және 37 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18 бабының 7 тармағына сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балқаш Таза су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (одан әрі - кәсіпорын) біріктіру жолымен Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балқаш су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны қайта ұйымдастырылсын.

2. «Балқаш аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы болып бекітілсін.

3. «Балқаш аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорынның жарғысына өзгерістер енгізсін;

2) әділет органында кәсіпорынның мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) өткізу актісін бекітсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ақылбековке жүктелсін.

**Аудан әкімі** **Ғ. Тоқпейісов**

000204